

Қазақстан-Ресей медициналық университеті

ТАҚЫРЫБЫ:БИОПСИЯ.ХОРИОН БҮРЛЕРІНІҢ БИОПСИЯСЫ



ТОБЫ:104А

ФАКУЛЬТЕТІ:Ж.М

ОРЫНДАҒАН:САҒАТОВА М

ТЕКСЕРГЕН:ЕРЕШОВА А

АЛМАТЫ-2016Ж

Жоспары



Кіріспе

Негізгі бөлім

- Биосынама
- Даму тарихы
- Хорион бүрлерінің биопсиясы
- Қай уақытта жасалады?
- Сараптаманы жүргізу тәртібі
- Хорион бүрлерінің биопсиясы сараптамасынан өтуді талап ететін жағдайлар.
- Хорион бүрлері биопсиясының артықшылықтары
- ХББ сараптамасы кезінде орын алатын қиындықтар

Қорытынды

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

Биосынама

- Биопсия (био және грек. *opsis* — көру) — аурудың сипатын анықтау үшін науқас адамның зақымданған тінін кесіп алып, морфологиялық әдіспен тексеру.



Даму тарихы




- Биопсия әдісі 19 ғасырдың ортасынан медицинаға ене бастады. Биопсия арқылы алынған затты биоптат деп атайды. Оны әр түрлі жолдармен кез келген органнан алуға болады. Биопсия, негізінен, хирургияда, урологияда, онкологияда, гастроэнтерологияда және пульманологияда кеңінен қолданылады. Ішек-қарын және тыныс алу жолдарынан биоптат аспирация жолымен алынады, яғни зақымданған органдарға жарық беретін, ұшында арнайы пышақшалары бар жіңішке түтікше аспаптар (гастрофиброскоп, бронхоскоп) енгізіледі, сол жерден кішігірім тін кесіп алынады. Бауыр, бүйрек, талақтан пункция әдісімен (теріні жуан инемен тесу арқылы) сұйық зат сорылып алынады.

Хорион бүрлерінің биопсиясы



- Хорион бүрлерінің биопсиясы бұл жүктіліктің алғашқы триместрінде жасалатын, баланың дамуында ауытқулардың болу мүмкіндіктерін анықтайтын сараптаманың бір түрі.
- Хорион бүрлері шарананың негізін салушы ретінде ұрықты жатыр қабырғасында ұстап тұрады. Бұл бүрлердің генетикалық құрылымы сәби ағзасының жасушаларымен бірдей болады. Уақыт өтісімен бұлардан шаранапайда болады. Анасының ішінде жатқан сәбидің дамуында ауытқулар болу мүмкіндігін, осы хорион бүрлерінің жасушаларын зертханада тексеру арқылы анықтауға болады.





- Хорион бүрлерінің биопсиясы арқылы әлі туылмаған сәбидің бойындағы Даун синдромын, Эдварс синдромын, Патау синдромын және басқа да хромосомалық бұзылыстарды анықтауға болады.
- Жалпы, сараптаманың бұл түрі сіздің сәбиіңіздің бойында қандай хромосомалық ауытқудың бар екенін, ұрпақ қуалаушы дерттердің бар-жоқтығын нақты дәлдікпен анықтап бере алады.

Қай уақытта жасалады?



- Қазіргі кезде хромосомалық ауытқулардың ішінде ең көп тарағаны-Даун синдромы. Егер де ата-анасының біреуінде хромосомалық ауытқулар болса, ол балаға беріліп, ұрпақ қуалайтын аурулар тудыруы мүмкін. Оларға Геттингтон хорреясы, гемофилия, талассемия, және бұлшық еттік дистрофия жатады. Бүгінде осы ауруларды ХББ арқылы сәби туылмай жатып анықтау мүмкіндігі бар. Әдетте, бұл сараптаманы жүктіліктің 10-12 апталары аралығында жасалады.

При клиновидной биопсии иссекается обширный участок тканей шейки матки, который отправляется на микроскопическое исследование



Пациентка находится в литотомическом положении. Шейка матки обнажена с помощью расширителей

Хорион бүрлерінің биопсиясы сараптамасынан өтуді талап ететін жағдайлар.



Бұл сараптаманы барлық медициналық орталықтарда жасалмайды. Сонымен қатар, барлық жүкті әйелдер міндетті түрде өтуі керек деген заңдылық жоқ. Себебі, сараптаманы алу барысында біршама қауіпті жағдайлар болады. Мысалы:

- **Болашақ ана 35 жастан асып кеткен болса.** Орта жастағы әйелдерде Даун синдромы сияқты хромосомалық ауытқулары бар сәби босану қаупі жоғарылайды.
- **Жүкті әйелдің алдыңғы балаларында осы хромосомалық ауытқулар бар болса.**
- **Жанұя мүшелерінде туа біткен тұқымқуалаушы ауытқулар кездесе.** Бұл жағдайда жүктіліктің алдында арнайы дәрігердің кеңесін алу керек. Жүкті әйелге Хорион бүрлерінің биопсиясын жасауға болмайтын жағдайлар.



- **Жүкті әйелдің қынабынан қан кетіп, немесе қанды бөлінулер пайда болса.** Бұл кезде жалпы жүктіліктің үзілу қаупі жоғарлайды.
- **Жүкті әйелдің алдыңғы балаларының бірінде жүйке түтікшесінде ауытқулары бар болғаны анықталса.** Бұл жағдайда ХББ сараптамасы ештеңе анықтай алмайды, тек ұрық жанындағы сұйықтықтың сараптамасын жасау керек.
- **Медициналық орталықта сараптаманың бұл түрін жүргізетін мамандар немесе зертхана болмаған жағдайда.** Бұл кезде басқа мекемеге жолдау берілуі мүмкін.

Сараптаманы жүргізу тәртібі



- Сараптамаға 10 минут кетеді. Алайда жабдықтарды жұмыс жағдайына дайындаумен қосқанда шамамен бір сағаттай уақыт кетеді. Сараптаманы жүргізуден бір сағат бұрын қуықты толтыру мақсатында біраз су ішкізеді. Осылай ультрадыбыстық тексере кезінде қуық жақсы әрі анық көрінеді.
- Сізді арқамен жатқызып, сәбидің нақты орналасу орнын анықтайды. Оның орналасуына байланысты жатыр мойны немесе құрсақ қуысы арқылы тексеруге қажетті жасушалар алынады. Көбінде биопсияның трансцевикальді әдісі қолданылады.
- Сараптамаға қажетті жасушаларды алу үшін жергілікті жансыздандыру арқылы жатырға катетер орнатады. Кейде биопсия кезінде жеңіл толғақтар басталуы мүмкін. Бірақ бұны әйелдердің көпшілігі сезбейді.

Цервикальная биопсия

Небольшие образцы тканей берут из шейки матки для исследований



Шейка матки рассматривается через гинекологическое зеркало в положении пациента лежа

Трансабдоминальді әдіс



- Егер трансцевикальді әдіс мүмкін емес болса, трансабдоминальді әдісі қолданылады. Бұл әдісте түсік тастау қаупі төмендейді.
- Ультрадыбыстық құралдың көрсеткіштері көмегімен құрсақ қуысына мнө салынады. Трансцевикальді биопсиядан кейін қанды бөлінулер пайда болуы мүмкін.
- Сараптамаға алынғаннан кейін біраз демалу керек. Қатты қан кетіп немесе толғақ байқалса, дереу дәрігерге бару керек.
- Сынақ жасушалары генетикалық және хромосомалық сараптама үшін зертханаға жіберіледі.




ЗАБОР
ОБРАЗЦА
ТКАНИ
ХОРИОНА




ДАТЧИК
УЗИ

МАТКА
ПЛАЦЕНТА
ПЛОД

КАТЕТЕР



Биопсийная цапка




Взятие материала
для морфологического
исследования

Хорион бүрлері биопсиясының артықшылықтары



- Басқалармен салыстырғанда, бұл сараптаманың нәтижесін жүктіліктің бастапқы кезеңінде анықтауға болады. Алғашқы нәтижелері бірнеше күннің ішінде дайын болады, ал жалпы нәтижесіне екі аптадай уақыт кетеді.
- Кей жағдайда сәбидегі ерте анықталған ауытқуларды жөндеу мүмкіндігі болады. Мәселен, әлі дүниеге келмеген сәбидің бойына туа біткен бүйрек үсті безінің гиперплазиясын гормондар арқылы емдеуге болады.



Для забора материала
используются специальные щипцы



Кольпоскоп освещает
шейку матки
при биопсии



ХББ сараптамасы кезінде орын алатын қиындықтар

- Кез-келген медициналық сараптама секілді ХББ-ның да кері әсерлері бар. Мысалы, осы сараптаманың салдарынан түсік тастаудың біршама қаупі бар (сараптамадан кейін түсік тастау қаупі біршама жоғарлайды: 100-ден 1 жағдайда).
- Болашақ ана үшін бірнеше туындауы мүмкін: қан кету, жатырға инфекцияның түсуі және толғақ.
- 90-жылдары ХББ сараптамасынан кейін сәбидің қол-аяғының дамуында ауытқулар болады деген болжам бар еді. Бұл сараптаманы тым ерте, яғни жүктіліктің 8-10 апталарында жасағандықтан пайда болған мәселе болатын. Алайда, қазір сараптаманы жүктіліктің 10-12 апталарында жүргізу арқылы бұл мәселенің шешімі табылды.
- Егер ХББ сараптамасын тәжірбиесі аз дәрігерлер жасаса, түсік тастау мен басқа да қиындықтардың пайда болу қаупі жоғарлайды.

Қорытынды



- Хорион бүрлерінің биопсиясы сараптамасының нәтижелері қаншалықты сенімді?
- Тәжірбиелі мамандар көмегімен анықталған сараптама нәтижелері, әдетте, 99% дәлдікпен бағаланады, 1-2% ауытқу ықтималдығы бар.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі



1. <http://anamenbala.kz/4080>
2. <https://kk.wikipedia.org/wiki/Биосынама>
3. Айала Ф., Кайгер Дж. Современная генетика. М., 1988.
4. Бочков Н.П. Клиническая генетика. М., 2004.
5. Генетика. Под ред. Иванова В.И. М., 2006.
6. Аманжолова Л.Е. Жалпы және медициналық генетиканың биологиялық негіздері. А., 2006.